

Саркөл ауылдық округінің Саркөл, Құмсай, Қопа, Бәшенкөл ауылдарының көшелерін атау туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 23 маусымдағы N 7 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 30 маусымда N 3-10-73 тіркелді

Ескерту. Атау жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 24.03.2017 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінкүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес, және Саркөл ауылдық округі, елді мекендерінің халқының пікірін ескере отырып, Саркөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 24.03.2017 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінкүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Саркөл ауылының көше атаулары жоқ болғандықтан, халқының пікірін ескере отырып төмендегідей нөмірленіп атаулар берілсін;

- 1) N 1 көшесіне Мектеп; N 1-ші нөмірден N 52 нөмірге дейін 52-үйге;
- 2) N 2 көшесіне Мешіт; N 53-ші нөмірден N 87 нөмірге дейін 35-үйге;
- 3) N 3 көшесіне Мәуішев Сақи; N 88 нөмірден N 136 нөмірге дейін 49-үйге;
- 4) N 4 көшесіне Сәңкібай Батыр; N 137-ші нөмірден N 169 нөмірге дейін 33-үйге;
- 5) N 5 көшесіне Тәуелсіздік; N 170-ші нөмірден N 206 нөмірге дейін 37-үйге;

2. Құмсай ауылының көше атаулары жоқ болғандықтан, халқының пікірін ескере отырып төмендегідей нөмірленіп атаулар берілсін;

- 1) N 1 көшесіне Құмсай; N 1-ші нөмірден N 38 нөмірге дейін 38-үйге;
- 2) N 2 көшесіне Жауымбаев Обай; N 39-ші нөмірден N 78 нөмірге дейін 40-үйге;
3. Қопа ауылының көше атаулары жоқ болғандықтан, халқының пікірін ескере

отырып төмендегідей нөмірленіп атаулар берілсін;

- 1) N 1 көшесіне Дәрібаев Жексенбай; N 1-ші нөмірден N 17 нөмірге дейін 17-үйге;
- 2) N 2 көшесіне Жайлыбаев Куан; N 18-ші нөмірден N 27 нөмірге дейін 10-үйге;
- 3).N 3 көшесіне Жалғасбаев Орыналы; N 28-ші нөмірден N 61 нөмірге дейін 34-үйге

;

4. Бәшенкөл ауылының көше атаулары жоқ болғандықтан, халқының пікірін ескере отырып төмендегідей нөмірленіп атаулар берілсін;

1) N 1 көшесіне Смағұлов Әжмағи; N 1-ші нөмірден N 18 нөмірге дейін 18-үйге;

2) N 2 көшесіне Бәшен; N 19-ші нөмірден N 41 нөмірге дейін 23-үйге;

5. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Саркөл ауылдық округінің әкімі:

Қ. Ұ. Шалманов